

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 186 – 189

UDC 373.1

## The role of communicative competence in the learning of foreign language

Ismagulova R.S.

irauzya@mail.ru

Kazakh National Technical University after K.I.Satpayev, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** communicative competence, communication, components, learning process.

**Abstract.** In this article, the formation of communicative competence in the process of learning foreign language in school was considered carefully. When implementing communicative competence students should be able to communicate in a foreign language and be ready and able to live in a modern multicultural world. Communicative competence includes various communicative components and sociocultural competence of human, providing the opportunity to navigate and adapt to the language environment. Success in the learning foreign language can be achieved only with the correct development of the communicative competence.

ӨЖ 373.1

## Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі

Исмагулова Р.С.

irauzya@mail.ru

Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** коммуникативтік құзыреттілік, қарым-қатынас, компоненттер, оқу процесі.

**Аннотация.** Бұл мақалада орта мектептерде шет тілін оқытып-үйретудегі коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың жолдары, маңыздылығы, ақсаты, яғни оқушылардың шетелдік өзге тіл өкілдерімен түсінісіп, еркін қарым-қатынас жасауды оқып-үйренудің жолдары қарастырылады. Мәдени аралық мотивацияға алып келетін коммуникативтік құзыреттілік пен оның компоненттерін дамытуды қалыптастырудың тиімділігі мен қарым-қатынас кезіндегі маңыздылығына оқытудың барлық кезеңінде, жүйелі оқыту барысында ғана оқушылардың қол жеткізетіндігі және олардың тілді меңгеру жетістіктері екендіктеріне көз жеткізуге болатындығы баяндалады.

Шет тілін оқып-үйрену қазіргі таңда қолжетімді мәселе және мемлекет тарабынан қолдау тауып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани, күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» делінген [1]. Оқушылардың шет тіліне, әлемдік және ұлттық мәдениетке дұрыс бағыттағы көзқарастарын дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау, білім алуға мүмкіндік жасау- білім жүйесінің алдында тұрған маңызды мәселелер және оларды шешу міндеті жүктеледі.

Қоғамның даму кезеңінде еліміздің жоғарғы және орта мектептерінде білім беру мазмұнын коммуникативтік бағытта дамытуға күш сала отырып, білім беруді жаңашаландырудың жоғарғы деңгейдегі бағыттарының бірі ретінде білім жүйесінде ақпараттық және әлеуметтік-экономикалық пәндермен қатар шет тілін оқытуды жалпылай ақпараттандыруға қажетті жағдайлар жасалуы керек.

Орта мектептерде шет тілін оқытудың мақсаты – оқушыларға шетелдік білім берудің коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың жоғарғы деңгейіне жету жетістіктері, яғни оқушылардың шетелдік және өзге тіл өкілдерімен түсінісіп, еркін қарым-қатынас жасай алуы болып табылады [2].

Шет тілін еркін меңгеру, тіпті шектеулі дәрежеде сөйлей білу – қыр-сыры көп аспектілердің бірі десек, ал қажырлы оқудың нәтижесі – коммуникативтік құзыреттілік – өте күрделі, көп компонентті құбылыс болғандықтан, шет тілін оқытудың мақсатына, яғни күрделі интеграциялық тұтастықты көрсете отырып, мәдени аралық құзыреттілікке алып келеді. Бұдан *мәдени аралық мотивация*, коммуникативтік қатынасқа түсетін екі немесе одан да көп қатысушылардың, әртүрлі әлеуметтік лингвоэтномәдени өкілдерінің байланыстарының туатынын білеміз. Ендеше, *мәдени аралық мотивацияға* алып келетін коммуникативтік құзыреттілікті төмендегідей деңгейде игеру керек:

- шет тілінің жүйелі білімін және тілдік құралдарды тілдік қатынас кезінде пайдалана білу;
- коммуникативтік икемділік, яғни түсіне білу, оны жеткізе білу (белгілі бір сферада, тақырыпта, ситуацияда);
- ауызша және жазбаша түрде байланыс жасай білу, түрлі көлемдегі мәліметтерді хабарлай білу, мәнді-мағыналы, жүйелі жауап қайтара білу, ойын жеткізе білу, мағлұмат ала білу, қатынас жасаушының ойын түсіне білу;
- түрлі мәліметтерді дыбысталған немесе жазылған мәтіндерден әртүрлі тәсілдермен ала білуде қолдана білу және талдау.

Шет тілін оқып-үйрену процесі кезінде коммуникативтік құзыреттіліктің мынандай компоненттерін дамытуға аса мән бергеніміз жөн [2]:

1. *Сөйлеу құзыреттілігі* – оқушылардың сөйлей алуы (диалогтық және монологтық сөйлеу), оқу және жазу;

Шет тілін оқытуда қойылған мақсатқа жету үшін оқытудың әр түрлі құралдарын пайдалану көзделген. Оқу құралдарына оқытуды ұйымдастыруда, оқыту-тәрбие процесін жүргізуде қолданылатын барлық материалдар жатады [3]. Әр оқу құралдарын тиімді пайдалану оқытушыға байланысты. Соған орай, ол қажетті нәтижеге қол жеткізе алады. Сөйлеу құзыреттілігін дамыту үшін төмендегідей оқу құралдарын пайдалану қажет:

– *оқулық* - оқытудың ең басты және негізгі құралы, ол оқытудың барлық әрекетін қамтитын оқу материалдарынан тұрады;

– *оқуға арналған кітап* - ол әр оқушының қолында болуы тиіс. Әр түрлі тақырыптардағы мәтіндерді оқу практикалық, тәрбиелік, білімділік, дамытушылық мақсаттарды жүзеге асырады [3];

– *оқу құралы* - жеке және өзіндік жұмысқа, практикалық сабаққа, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған. Мұндай оқу құралдарын түгелдей немесе жартылай сол оқу орындарының мұғалімдері жасап шығаруы мүмкін;

– *аудио- және видеожазбалар* - ағылшын тілін оқытуда маңызды рөл атқарады. Ол балаларға ағылшын тілінде нақты ағылшынша сөйлеуді, яғни, ағылшынның сөйлеу мәнерін тыңдауға мүмкіндік береді, ол оқушылардың сөздерді дұрыс айту сапасын арттырады, тыңдау қабілетін дамытады;

– *компьютерлік программа, интернет жүйесі* - оқушылардың функционалды компьютерлік сауатын қамтамасыз етеді. Өз бетінше және қашықтықтан білім алуына мүмкіндік береді. Оқушылардың ең осал тұстары, жазбаша коммуникативтік икемділіктерін дамытады.

2. *Тілдік құзыреттілік* - сөйлеудің айтылу, лексикалық, грамматикалық жақтарын меңгеруді қамтиды, графика мен орфография. Тілдік құзыреттілікті дамытудың негізгі оқыту құралдары:

– *жұмыс дәптері* - үйде өздік жұмысты орындау үшін қажет, ағылшын тілінің графикасы мен орфографиясын меңгеруге, лексикалық грамматикалық материалдарды әр сабақта тапсырмаларды орындау кезінде игеруге мүмкіндік береді. Өзін-өзі тексеруге, түзетуге, бағалауға үйретеді [3];

– *таблицалар, схемалар, үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті суреттер* - мүмкіндігінше сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгерудегі қабілеттілігін дамыту мен қалыптастыру процесінде белсенді болуы мен даралануына мүмкіндік береді және де оқушылардың тілдік және сөйлеу бірліктерінің жинақталу процесін дамытады;

- оқулық;
- аудиоматериалдар;
- компьютерлік программа, интернет.

3. *Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік* - оқып жатқан тілде сөйлейтін елдер туралы әлеуметтік-мәдени білімін жинақтауға (мінез-құлық, әдеп) және оны қарым-қатынаста қолдана білуге, сондай-ақ өз елін және оның мәдениетін өзгелерге жеткізе білуге үйрету. Қазіргі жаһандану заманында шет тілін оқытудағы әлеуметтік-мәдени компонентін дамыту – маңызды мәселелердің бірі.

Тіл үйренушінің өзге ортада әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін келесідей құралдар арқылы дамытуға болады:

– *таспаға жазылған мәтіндер* (нақты шетелдік азаматтардың және тіл тасушылардың оқыған мәтіндер жазбасы);

– *видеоматериалдар* - олар кезіндегі және қазір де белгілі құралдар (олар сол елдің мәдениетін беруші беделді құрал);

– *виртуалды ену* – оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамытудың тиімді құралы. Бұл виртуалды кеңістік интернет, басқа да компьютерлік технологиялармен бірге қолданылады [4].

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытудың ең тиімді құралы, әрине, *сол тілде сөйлейтін елдерде болып қайту*. Ондай елдерге барып қайтқан оқытушылар оқушылар үшін «көрнекті құрал» тәріздес, себебі, олардың сол ел туралы көрген-білгендері көп.

4. *Компенсаторлық құзыреттілік* - ақпаратты алуда және беруге тілдік құралдардың жетіспеу жағдайында қиындықтан шыға білу. Бұл құзыреттілік келесідей құралдар арқылы дамытылады:

- оқулық;
- интернет;
- *сол тілде сөйлейтін елде болып қайту*.

5. *Оқу-танымдық құзыреттілік* - жалпы және арнайы оқу, тілді өз бетінше үйренудің әдіс-тәсілдері, соның ішінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану. Оқу-танымдық құзыреттілікті дамытуға жататын құралдар:

– *әртүрлі сөздіктер* (ағылшынша-орысша, орысша-ағылшынша, түсіндірме). Оқушыларға жаттығуларды орындауда көп көмегі тиеді, білуге құмарлығын, тілге қызығушылығын арттырады [3];

- оқулық;
- *оқуға арналған кітап*;
- *оқу құралдары*;
- компьютерлік программалар, интернет.

Шет тілін оқытуда оқушылардың тілдік икемділігін одан ары дамытуды, ана тілінде, шет тілінде сөйлейтін елдердің жалпы мәдениетін, оның ұқсастығы мен айырмашылығын, ерекшеліктерін салыстыра отырып, түсіне білуге үйрену қабілеттерін дамыту қажет. Шет тілін оқыту процесінде оқушылардың сол ел туралы жеке көзқарастарын қалыптастыра отырып, осы тілде сөйлейтін өзге де елдің мәдени және рухани ерекшеліктері мен мәдени аралық қарым-қатынасқа қол жеткізу тәсілдерін талдап, тани білуге үйрете отырып, өз ана тілдерінің тіл мәдениеті мен өз елдерінің рухани құндылығын, мәдениетін шет тілде сөйлейтін елдермен салыстыруға, синтез жасай білуге мүмкіндік беру керек. Сын көзбен қарай отырып, өзге елдің өмір сүру дағдылары мен мәдениеті арқылы өздерінің дүниетанымын, білімін, ой-санасын дамыту көзделуі тиіс. Жоғарыда айтылған *педогогикалық* және *прагматикалық аспектілердің* бәрі ескеріле отырып, шет тілін оқытудың ең маңызды екі мақсаты негізделеді:

1. *когнитивті коммуникативтік мақсат*,
2. *когнитивті дамытушы мақсат*.

Когнитивті коммуникативтік мақсат ең алдымен оқушыларға аутенттік мәтіндерді оқыту арқылы беріледі және оған коммуникативтік іскерліктердің барлық түрлерін (оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу) бірікіре оқыту арқылы шетелдік аутенттік мәтіндерді оқудағы өзгерістерді оқып-үйрену жатады. Негізгі ерекшеліктерді игере отырып, оқушы практикада, өмірлік жағдайда пайдалануға мүмкіндік алады.

Екінші мақсат – когнитивті дамытушы – ол бірінші мақсатпен тікелей байланысты және аутенттік мәтендерді оқыту процесінде қалыптасады. Шет тілін оқытудағы когнитивті дамытушы мақсат оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық және танымдық қасиеттерімен бірге ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытуда тілдік формаларға мән бере отырып, лингвистикалық қызығушылыққа қол жеткізеді, демек, басты мақсатымыз когнитивті коммуникативтік мақсатқа алып келеді.

Қорыта келе, бұл мақсаттарға жету үшін оқыту этаптарынан өту керек. Көптеген түрлі тапсырмалар орындалуға тиіс. Сабақтардың сан алуан түрлерін өту – қажетті деңгейде еңбектенуді қажет етеді. Демек, оқытудың барлық кезеңінде жүйелі оқыту барысында ғана қол жеткізуге болады. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігі, қарым-қатынас кезіндегі маңыздылығы – оқушылардың тілді меңгеру жетістігі екеніне көз жеткіземіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Алматы, 2008.
- [2] Биболетова М.З. Примерные программы среднего общего образования. Иностранные языки. – Москва, Просвещение. – 2005.
- [3] Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общего образовательных учреждениях. – Москва, Просвещение. – 2004.
- [4] Сафонова В.В. Коммуникативная компетенция, современные подходы к много уровневому описанию к методических целях. – Москва, НИЦ Еврошкола. – 2004.

#### REFERENCES

- [1] *The Law of Education of Kazakhstan Republic.* - Almaty, **2008.** (in Kaz.).
- [2] Biboletova M.Z. *Sample programs of secondary education. Foreign languages.* – Moscow, Prosveshenie. – **2005.** (in Russ.).
- [3] Rogova G.V., Vereshagina I.N. *Methodology of teaching English at the initial stage in the general Educational Institution.* – Moscow, Prosveshenie. – **2004.** (in Russ.).
- [4] Safonova V.V. *Communicative competence, modern approaches to multi-level description for methodological purposes.* – Moscow, RSC Euroschool. – **2004.** (in Russ.).

УДК 373.1

#### Роль коммуникативной компетенции в обучении иностранного языка

Исмагулова Р.С.

irauzya@mail.ru

Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева, г. Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** коммуникативная компетенция, общение, процесс обучения, компоненты

**Аннотация.** В данной статье рассматривается формирование коммуникативной компетенции в процессе обучения иностранного языка в средней школе. При реализации коммуникативной компетенции обучающиеся должны уметь общаться на иностранном языке и быть готовым и способным жить в современном поликультурном мире. Коммуникативная компетенция включает в себя различных коммуникативных компонентов и социокультурную компетенцию человека, обеспечивающие ему возможность ориентироваться и адаптироваться в языковой среде. Успех при обучении иностранному языку может быть достигнут только при правильном развитии коммуникативной компетенции.

ISMAGULOVA R.S.

MASTER OF EDUCATION, LECTURER OF THE DEPARTMENT OF FOREIGN LANGUAGES, INSTITUTE OF BASIC EDUCATION OF KAZAKH NATIONAL TECHNICAL UNIVERSITY AFTER K.I. SATPAYEV, ALMATY, KAZAKHSTAN

Поступила 15.03.2015 г.